

Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесін жаңғыртудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 сәуірдегі N 289 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 265 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 № 265 Қаулысымен.

Республикалық және халықаралық маңызы бар орта ғасырлық сәулет өнерінің ескерткіші Қожа Ахмет Иассауи кесенесін сақтау жөніндегі Түрік Республикасының игілікті қызметін ескеріп әрі ескерткіштерді жаңғырту және бір қалыпта ұстау жөніндегі Түрік мемлекеттік "Вакиф Иншаат" компаниясы жүзеге асырып жатқан жаңғырту жұмыстарын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Вакиф Иншаат" компаниясы Қожа Ахмет Иассауи кесенесін жаңғырту үшін Түркиядан құрылыс материалдарын, техника, көлік, жабдықтар мен механизмдер әкеліп, жаңғырту жұмысы аяқталған соң оларды кері жөнелту кезінде кеден тарифі мен баж салығынан босатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Еңбек министрлігі, Көлік министрлігі, Мәдениет министрлігі, Қазақ азаматтық авиация басқармасы, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Түркістан қаласының әкімдері "Вакиф Иншаат" компаниясына Қожа Ахмет Иассауи кесенесін жаңғыртуда, материалдық-техникалық шикізаттарды сатып алып, Түркістан қаласына жеткізуде көмек көрсетсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*